

- школьники понимают, что они являются гражданами Казахстана и будущее зависит от них.

Все вышеизложенное нацеливает на непосредственное взаимодействие всех субъектов учебно-воспитательного процесса: школы, семьи и общества.

В подтверждение всему вышеперечисленному можно привести слова В.Г. Белинского: «В полной мере и здоровой натуре тяжело лежат на сердце судьбы Родины; всякая благородная личность глубоко осознает свое кровное родство, свои кровные связи с отечеством... Любить свою родину – значит пламенно желать видеть в ней осуществление идеала человечества и по мере сил своих споспешествовать этому».

#### ЛИТЕРАТУРА

1. А.Т. Степанищев. История Отечества – преподавание в школе. – М., 2001.
2. Политология. Энциклопедический словарь/ Под ред. Аверьянова Ю.И. – М., 1993.
3. И. О.Ионов. Цивилизация в истории человечества. – Брянск, «Курсив», 1998.
4. И. О.Ионов. Российская цивилизация. – М., 2000.
5. Л.С. Выгодский. Нравственное воспитание / Пед. психология. – М., 1991.
6. В.Д. Сиповский. Родная старина. – М.: Современник, 1993.
7. . Никитин А.Ф, Соколов Я.В.. Граждановедение. – М., 1991.
8. Ради жизни на Земле/ Составитель А.Ф. Фоменко. – М., 1990.
9. Кисель М.А.. Историческое сознание и нравственность. – М., 1995.
10. Гнездовье вьюг: Сборник / Редактор-составитель Бариев Ю. – Дудинка, 1994.
11. Конституция Российской Федерации. – М., 1995.
12. . Фролов С.С. Социология. – М., 2003.
13. Политология: Курс лекций / Под ред. Миронова А.В. – М., 1993.
14. Островский В.П., Уткин А.И. История России. – М.: «Дрофа», 1999.
15. Подласый И.П. Педагогика. - Кн. 2. – М.: «Владос», 1999.
16. Баранов С.П. Педагогика. – М.: «Просвещение», 1997.
17. Журнал «Специалист». – 2003. – №3.
18. Журнал «Специалист». – 2002. – №6.
19. Журнал «Специалист». – 2002. – №1
20. Журнал «Специалист». – 2003. – №4.
21. Журнал «Специалист». – 2003. – №6.
22. Кулагина И.Ю. Возрастная психология. – М.: «Сфера», 2003.
23. Страницка Интернета/Rambler/Образование/@. ru
24. Страницка Интернета/Rambler/Пед. наука/@. ru
25. Страницка Интернета/Rambler/Воспитание/@. ru
26. Страницка Интернета/5-ballow/Образование/@. ru
27. Страницка Интернета/5-ballow / Воспитание /@. ru
28. Страницка Интернета/5-ballow /Военное и патриотическое воспитание /@. ru

### МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

**Жақыпжанова Г.С.**

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Еліміздегі азаматтық тәрбие мәселесі бүгінге дейін жеткілікті дәрежеде зерттелген. Дегенмен, өзгермелі қоғам жағдайында, сол өзгерістердің еліміздегі жастар санасына күнделікті жан-жақты әсер етуі, жаһандануға бет бұрған қазіргі жағдайда жастар тәрбиесінде кейбір ұлттық болмысқа жат келеңсіз жәйттердің көрініс табуы, дінге деген көзқарастың түбегейлі өзгеруі, ол өзгерістердің оң және теріс ықпалы – міне, осының бәрі азаматтық-патриоттық тәрбиені жүйелендіруді, оның жастар тәрбиесіне ықпалын арттыруды талап етіп отыр.

Қазақстандық азаматтылықтың қалыптасуында білім беру мекемелерінің, мемлекеттік басқару мен билік органдарында мемлекеттік тілдің қолдану деңгейінің маңызы зор.

Қазақ тіліне – мемлекеттік мәртебе берілгендіктен, тілдік қатынас мәселелерінің бәрі азаматтық тұрғыда шешілуі тиіс. Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуында үлкен жауапкершілік, біріншіден, мемлекет құраушы – қазақтарға артылады.

*Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,*

*Ұранға «алаш» деген атты аламын.*

*Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,*

*Мен неге қазақтықтан сақтанамын!*

– деп Абайдан кейінгі қазақтың жазба әдебиетінде әр жанрда еңбек етіп, ерекше көзге түскен көрнекті ақындарының бірі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың XX ғасырдың басында ұран еткен сөзі әлі де әр қазақ жүрегіне жетпегені өкінішті-ақ.

Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес.

Қазіргі әлем күн өткен сайын елдер мен ұлттарға қатал талап қойып отыр. Олардың ішінде түпкі дәстүрлері мен құндылықтарын жоғалтпаған, үнемі жаңаруға, модернизацияға, бәсекелі басымдықтарын күшейтуге ұмтылатындардың ғана дербес болашақтан үміті бар. Бұл – уақыт талабы, оған енді біз лайықты болуымыз шарт. Дәстүрге сүйенген модернизация мен бәсекеге қабілеттілік біздің ұлттық рухымыздың XXI ғасырдағы өркендеуіне негіз болады.

Мемлекеттік тіл, яғни, қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Қазақстан Республикасының бұл саладағы басты міндеті - оның тәуелсіздігі мен егемендігін, саяси және экономикалық дамуының тірегі болатын, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы білімді жаңа ұрпақ тәрбиелеу, ғылымды жан-жақты дамыту.

Ол үшін:

ұлттық тарихты, зердені, рух пен мәдениетті терең насихаттайтын әр деңгейдегі, сан алуан технологиядағы жаңа буын оқулықтарын дайындау;

жоғары оқу орындарында оқытылатын гуманитарлық және техникалық мамандықтарға арналған мемлекеттік тілдегі оқу құралдары мен оқулықтардың сапасын арттыру;

арнайы мемлекеттік бағдарлама арқылы жасөспірімдер үшін қазақ және басқа тілдерде ұлттық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін, бай эпикалық мұрасын кеңінен насихаттайтын кітаптар, мультфильмдер, дискілер шығару.

Белгілі ғалым, әлеуметтанушы-лингвист Эйнара Хауген өзінің тілдік бағдарлау туралы еңбегінде: «Тілдік саясаттың негізі - тілдік бағдарлау. Тілдік мәселе туындаған жағдайда, тілдік бағдарлама қажет. Тілдік мәселе оң шешімін таба алмаса, бағдарламаны қайта қарау қажет», – деген екен. /1/.

Елімізде бүгінгі күнге дейін мемлекеттік тілді үйретудің баршаға ортақ стандарты, тұжырымдамасы, бағдарламасы жасалынбағандықтан да тіл үйрету балабақша мен мектепте өзгеше, орта және жоғары оқу орындарында басқаша, қызметкерлерді оқытуда да әртүрлі бағыттарда болып келеді. Яғни, балабақшадағы бүлдіршін мен бастауыш сынып оқушысынан бастап, ересек адамға дейінгі аралықты қамтитын ортақ жүйелі бағдарлама жасалынбаған, яғни белгілі бір түпкі нәтижеге бағытталған мақсатты түрде оқытылмайды. Осы себептен қазіргі оқыту оң нәтиже бере алмайды.

Егер мемлекеттік тілді үйретудің бағдарламасы *балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны – мемлекеттік қызмет* тізбегі бойынша дайындалса, осы бағдарламаға сай оқу құралдары да жазылады. Тілді білудің нақты деңгейлері белгіленеді. Әр салаға, деңгейге байланысты фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, қатысымдық минимумдар белгіленеді. Тізбекте көрсетілген әр оқу кезеңін бітірген қатысушыға арнайы үлгідегі сертификат беріледі. Оқушыдан бастап, оның ата-анасы, студент, мемлекеттік қызметкер оқу жоспары көлемінде бекітілген тілді меңгеріп шығады да, аталған сертификатты алу арқылы келесі сатыға өтеді. Тіл үйренуші мемлекеттік тілдің қажеттілігін сезінеді, тіл білу деңгейін көрсететін сертификатты талап ететін болған соң мемлекеттік тілді білмейтін әрбір адам оқуға түсу үшін де, қызметке орналасу үшін де мемлекеттік тілді меңгеруге тырысады. Бұл елімізде мемлекеттік тілді меңгеру қажеттілігін арттыратын үлкен қадам болмақ. Сөйтіп бірізді – сатылы бағдарлама әр деңгейге арналған оқу-әдістемелік құралдарды, тұтас кешендерді, мультимедиялық бағдарламаларды дүниеге әкеледі. Яғни, бұрынғыдай өркім әр жерде өз білгенін емес, тілді оқытудың мемлекеттік тұжырымдамасына, стандартына, типтік бағдарламасына сай белгілі бір жүйеге құрылған, нәтижеге бағытталған, мақсатты жұмыстар атқарылады. Бұның өзі ғалымдар, әдіскерлер тарапынан әлденеше рет айтылып жүрген өзекті мәселелердің 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламадан көрініс тапқанын көрсетеді /2/.

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың үйлестіру-әдістемелік орталығы 2010 жылғы 27 қазан күні «Тіл үйрету орталықтары қызметкерлерінің біліктілігін жетілдіру» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізді. «Руханият» орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілешов «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» жобасы және оқыту жүйесі атты баяндамасында: «Ендігі уақытта осы 2011-2020 жылдарға арналған бағдарлама шегінде қазақ тілін оқытудың стандарт-технологиясы негізінде жаңа әдістемелер жасалады. Бұл өз кезегінде оқулықтар мен оқу құралдардың сапасын арттырары сөзсіз. Егер осы стандарт-технология өмірге келіп, осы он жыл ішінде қазақ тілін үйретуді үздіксіз білім беру моделі арқылы жүзеге асырсақ, онда 2020 жылдары барша жас қазақстандықтар мемлекеттік тілді еркін білуге қол жеткізеді. Бұл «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» ең басты нәтижесі болмақ», - дегені қуантады, ерине.

Тіл, барша қазақстандықтардың мемлекеттік тілі – қазақ тілі руханиятымыздың, ұлттық болмысымыздың, мемлекеттілігіміздің, тәуелсіздігіміздің басты тірегі бола тұра, қабылданғалы жатқан мемлекеттік бағдарлама жобасы ең әуелі мемлекеттік тілді алдағы он жыл мерзімде жан-жақты дамытудың негізгі бағыт-бағдарын айқындауға мақсатталған. Бұл бағдарлама жобасының басты ерекшелігі – оны әзірлеу барысында 30-дан астам шетелдің тіл саясатын құқықтық реттеу тәжірибесі зерделеніпті.

Ғұлама Низами – адамды жетілдірудегі тәрбиенің рөліне ерекше мән берді. Ол - өз кездеріндегі болып жатқан ағартушылық, тәрбие мен оқу процесінің көріністеріндегі орын алып келген баланың дами отыра, жетіле алатын мүмкіндіктеріне сенбестік туғызатын көзқарастарға қарсы шықты. Низамидың тәрбие тағылымдарында – халықтық тәрбиенің әсерлі құралы ретінде халықтың ауыз әдебиеті мен ана тілі, жазба әдебиеті мен өз халқының тарихы негізгі оқу пәні болуға тиіс деді.

Қазақ халқы қашанда қазақ жерінде өмір сүріп жатқан барлық халықтар мен этностардың тіліне, дініне, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрметпен және төзімділікпен қараған. Бүгінгі күні де өз елінде басым көпшілікке айналған қазақ ұлты елдегі этносаралық және дінаралық бірлікті сақтауды өзінің басты міндеті санайды. Мемлекет пен оның негізі болып табылатын қазақ ұлты барлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерінің қамтамасыз етілуінің кепілі болып табылады. Қазақ жерінде тұрып жатқан этностық топтар мемлекеттің және біртұтас азаматтық қауымдастықтың бөлігі болып табылады.

Мен сабақ беріп жүрген I курс студенттерінің арасында қазақ, орыс, украин, белорус, неміс, молдаван, түрік сияқты ұлт өкілдері бар. Осындай интернационалды топта мемлекеттік тілді үйрету өте қызық әрі жауапкершілікті.

Ел Президентінің «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек... Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтар өкілдерінің ана тілінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыруымыз қажет» және «Бізге жақсы бағдарламалар, әдістемелік құралдар, сапалы оқулықтар керек. Адамдардың бойына ана тілімізге деген сүйіспеншілік сезімін терең сіңіре алатын білікті ұстаздар керек. Сайып келгенде біздің өзіміздің ынта-ықыласымыз керек» [3], - деген сөзін басшылыққа ала отырып, мемлекеттік тілді оқытуға арналған оқу жоспарында «Менің елім – Тәуелсіз Қазақстан» атты лексикалық модуль ішінде азаматтық тәрбие қалыптастыруға мақсатталған төмендегідей тақырыптарды қамтитын мәтіндер, сұхбаттар мен жаттығу жұмыстар кешені қолданылады:

№	Лексикалық тақырыптар	жұмыс түрі
1	Қазақ тілі мемлекеттік тіл.	Мазмұндау, бес жол өлең.
2	Қазақстан Республикасының рәміздері	Сұхбат, кубизм.
3	Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелері	Мәтінді мазмұндау, грамматикалық категориялармен жұмыс.
4	Туған жер – алты бесік	Эссе жазу.
5	Астана – бас қала	Слайд шоу, ауызша суреттеу.
6	Алматы қаласы	Сұхбат (қала ішін бағдарлау).
7	Қостанай қаласы	Сөзжұмбақ, саяхат сабақ.
8	Қазақ – қонақжай халық	Сөздік жұмыс. Сұрақ қоюға машықтау.

9	Қазақ халқының салт-дәстүрлері	Бейне таспада көрсетілген материалды, жаңа сөздер арқылы жеткізу.
10	Наурыз мейрамы	Мәтінді кідіріспен оқу, бата жаттау.
11	Ұлттық тағамдар, ойындар, киімдер	Джигсо, суретпен жұмыс.
12	Ел батырлары. Көрнекті ақын-жазушылар	Презентация, ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқу.
13	Қазақ тілі сабағында	Мәтін құрастыру, ауызша баяндау.
14	Жеті ата. Туыстық атаулар	Жеті ата ұғымына түсінік беру, өз шежіресін жазғызу (ата-ана көмегімен), жаттау.
15	Менің мамандығым	Дебат сабағы.

Жеңілден қиынға бағытталған жұмыс түрлерін қолдана отырып, бірте-бірте, тіл арқылы мәдениетімізге, дәстүрімізге деген құрмет, азаматтық жауапкершілік сезімдерін қалыптастыруға сеніміміз зор.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолдануына қажетті жағдай жасауға ат салысу, оның қоғамдық аясын кеңейтуге, тіл мәдениетін арттыруға көмек беру үшін өткізілетін мәдени – көпшілік шаралар елімізде тұрып жатқан басқа ұлт отандастарымызға тілді оқып – үйренуге қажетті әдебиеттер, анықтамалық құралдар, сөздіктер, өз бетімен оқып – үйренуге арналған тілашар - тілдескіш көрнекті құралдар ең бастысы болып табылады.

Тілді үйрену - өз ұлтыңды тану. Ұлттық тілді білу ұлт ділін, қасиетін, мінезін, ой, жан – дүниесін, сырын білу екенін, халықтық мәдениет пен дәстүрді жаңғырту болатынын естен шығармайық. Әрине, тілді оқулықтан үйрену өте мардымсыз болады. Бай қазынаны игеру қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, ғылыми еңбектермен танысу, жазба жұмыстарын жүргізу, күнделікті сөйлесу әрекеті арқылы ғана іске асады. Тіл мен қарым-қатынас біріккенде ғана сыйластық, достық, адамгершілік пайда болады. Мемлекеттік тілді меңгеру елдің бірлігін білдіреді. Сонда мемлекеттік тіл - татулық тірегі болды деп айтамыз [4].

Жаңа 2011 жылдың алғашқы айларында қабылдануға тиіс 2011-2020 жылдарға арналған тіл бағдарламасына енген ғалымдар мен сарапшылардың ой-пікірлері тіл мәселесіне қуантарлық жағдай әкелетініне үміттенеміз. Әр азаматтың жағдайы, қашан да, мемлекетіміздің жарқын болашағына ұласа берсін!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хауген Э. Лингвистика и языковое планирование//Новое в лингвистике. Выпуск VII. Социоллингвистика. – Москва, 1975. С. 444.
2. <http://www.tilapararat.kz/>
3. «Ана тілі» газеті. 11 мамыр 2006 жыл.
4. «НұрАстана» газеті. № 29/ шілде, 2010 жыл.

### РОЛЬ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА В ФОРМИРОВАНИИ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

**Жанбуршинова Г.К.**

*Костанайский государственный педагогический институт*

Воспитание юного гражданина осуществляется сложной социальной системой, объединенной общей целью – разносторонним развитием личности с активной гражданской позицией для построения нового общества, удовлетворяющего современным требованиям мирового пространства. Так, в Законе Республики Казахстан «Об образовании» обозначаются следующие задачи: воспитание гражданственности и патриотизма, любви к своей Родине – Республике Казахстан, уважения к государственным символам, почитания народных традиций, нетерпимости к антиконституционным и антиобщественным проявлениям; воспитание личности с активной гражданской позицией, формирование потребностей участвовать в общественно-политической, экономической и культурной жизни республики, осознанного отношения личности к правам и обязанностям.

Цель современного гражданского образования – формирование гражданина-патриота, гуманиста, труженика-творца.